

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

*Рахметова Н.Б.¹, Бибатыр А.Е.², Манабаева А.Ш.³, Абдурахманова Г.А.⁴

*¹п.ғ.к., профессор м.а. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: nurziya-r@mail.ru

²магистрант, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: prinsessa-alma@mail.ru

³п. ғ. к., профессор ассисент. Е.А Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан, e-mail: manabaeva.a.sh@inbox.ru

⁴аға оқытушы, ғылым магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: galiya.abdurahmanova@mail.ru

Андатпа. Мақалада болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру өзін-өзі дамыту құралы ретінде, адамның әлеуметтік болмысының негізгі мазмұны мен оның логикалық ойлау қабілеттеріне деген көзқарасы қарастырылады. Болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру барысында қазіргі уақытта болып жатқан жоғары білім беру реформасы оқыту парадигмасына көшумен байланысы көрсетілді.

Сондай-ақ білім алу барысында кәсіби шығармашылықпен қатар ғылымда шығармашылық мәселелері де берілді. Онда шығармашылық қабілетті жетілдіру барысында олардың құрылымы, игерілетін білімнің психологиялық түрі, оны дамытуда ішкі іс-қимыл жоспарынан алынған қызмет түрімен анықтау жолдары ұсынылды. Мұнда ғылыми мәселелерді дамытуда дискурсивті және интуитивті шешімдерді рәсімдеуге мүмкіндік берілді.

Кәсіби білім беру салаларында болашақ мамандардың шығармашылық өздерінің идеясына сипат беруге мүмкіндігі мен адамның қазіргі қоғамда өнімді еңбек әрекеті арқылы өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету көзделді. Шығармашылық әлеуетінің деңгейін арттыру мақсатында, ұлттық құндылықтарын табысты іске асырудың маңызды факторын енгізді.

Шығармашылық еңбектің мәні мен сипатының өзгеруін тек экономикамен ғана байланыстырмай, бүкіл қоғамның жаңа парадигмасының негізі анықталды. Онда болашақ маманның сәндік-қолданбалы өнер әрекеті негізінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінің моделі жасалды. Ұсынылған модельдің нәтижесі болашақ мамандарды сәндік-қолданбалы өнер іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары деңгейге көшуі жолдарын көрсетті. Мұнда жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін мотивтер өзгереуі, жұмыс әдістері жақсаруы, оған жауапты көзқарас қалыптатыны, қажетті шығармашылық жұмыс қабілетінің пайда болу позициясы қалыптасатыны қарастырылды.

Сәндік қолданбалы өнердегі шығармашылық жұмыстардың негізгі бағыттары ұсынылып, кәсіби білім беруде бірін – бірі қайталамайтын өзіндік бояуы, колориті, бағыты, стилі, орындалу техникасының ерекше маңыздылығы назарға алынды.

Зерттеу барысында болашақ мамандардың ұлттық құндылықтар негізінде жеке шығармашылық компоненттерін дамытудың тиімді жолдарын оқу процесінде пайдалану мүмкіндіктері анықталады. Отандық және шетелдік ғалымдардың болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру жайлы зерттеулерін қарастырып, талдау жасай отырып, кәсіптік оқыту мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңғыртуға, шығармашылық идеяны дамытуда практикаға бағыттау тұжырымдамасын қайта қарау, ұлттық құндылықтарға оның ішінде сәндік колөнер туындыларын орындауға баса назар аудару жайлы қорытындыға келді.

Тірек сөздер: болашақ маман, шығармашылық, кәсіптік оқыту, шығармашылық өзін-өзі дамыту, ұлттық құндылық, сәндік-қолөнер, дидактикалық компоненттер, кәсіби қызмет.

Негізгі ережелер

Қазіргі білім беру саласында көптеген жаңалықтар еңгізілуді, соның бірі болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіруде ұлттық құндылықтардың алатын орны. Олай дейтініміз кәсіби білімді жоғарғы оқу орындарына дейін жалпы білім беретін мектептерде, арнайы дарынды кәсіби мектепте, кәсіби колледжілерде де шығармашылық бағытта білім алып келеді. Сонымен қатар білім алу барысында бірнеше шығармашылық көрмелер мен сайыстарға қатысады. Жалпы білім алу барысында қазақтың дәстүрлі және заманауи бағыттағы шығармашылық жұмыстарды орындайды. Демек, шығармашылықта әрбір халық өздерінің салт-дәстүрін, ұлттық нақышын, ұлттық құндылықтарын дәріптеуді негізге алады.

Негізгі ұлттық құндылықтар ұрпақтан-ұрпаққа берілетін және сол ұлттың мәдениетін, отбасылық, әлеуметтік-тарихи, діни дәстүрлерінде бар және олардың табысты дамуын қамтамасыз ететін негізгі адамгершілік құндылықтар, басым моральдық көзқарастар ретінде анықталады. Қазіргі жағдайда қоғамның адамгершілік-патриоттық тұтастығында тәрбие басты рөл атқарады.

Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік жаңғыру мәселесі бұрынғыдан да өзекті болып отыр. Бұл мәселенің қойылуы жастарды қазіргі кезеңде саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларда болып жатқан деструктивті құбылыстардан туындаған «рухани дағдарысты» бастан кешіруде.

Қоғамда жалпы адамгершілік бағдарлар жүйесі болғанда ғана ауқымды ұлттық құндылық міндеттерің қоюға және шешуге қабілетті. Сондай-ақ олардың ана тіліне, төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарына, ата-баба естелігіне, ұлттық тарихымыздың әрбір парағына құрметпен қарайтын қағидалары бар. Себебі, болашақ мамандардың осы тақырыптарда орындаған шығармашылық жұмыстары ұлттық құндылықтардың шешімі болмақ. Еліміздегі мерекелерге байланысты оның мазмұнын ашу барысында көптеген патриоттық тақырыптарды жарнамалауды негізге алады. Мұндай патриоттық шығармашылық жұмыстар ұлттық құндылықтарды анықтайды. Атап айтқанда ғылым-білімнің құндылығы, ақиқатқа ұмтылу, әлемнің ғылыми көрінісін білдіреді. Ал еңбек және шығармашылық-еңбекке деген құрмет, шығармашылық және жасампаздық, мақсаткерлік пен табандылықты талап етеді, демек шығармашылық жұмыста кездесетін қарама-қайшылық шыдамдылық пен қажырлықпен шешіледі. Көркем өнерде таңдалған шығармашылық жұмыстардың безендірілуі, үйлесімділігі, жұмыстың рухани әлемілігі, тақырыпты таңдауы, оның мәні, эстетикалық - этикалық дамуы ұлттық құндылықты жүзеге асыру болып табылады.

Кіріспе

Жоғары білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі тәрбиелеуге, инновациялық қызметке қабілетті маманның шығармашылық қабілетін қалыптастыру болып табылады. Осы міндеттерді шешу барысында болашақ мамандардың білімін пассивті тұтынушыдан белсенді тұтынушыға ауыстыру қажет. Болашақ мамандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру мәселесін тұжырымдай алатын, оны шешу жолдарын талдайтын, оңтайлы нәтиже таба алатын және оның дұрыстығын дәлелдейтін олардың жаратушысы. Қазіргі уақытта болып жатқан жоғары білім беру реформасы оқыту парадигмасынан білім беру парадигмасына көшумен байланысты.

Ғылымда шығармашылық үшін білімнің көптігі емес, олардың құрылымы, игерілген білімнің психологиялық түрі, олар дамыған ішкі іс-қимыл жоспарынсыз алынған қызмет түрімен анықталатындығын мойындау керек. Ол адамның әлеуметтік санасымен барабар байланыс мүмкіндігін жасайды, ғылыми мәселелерді дамытуда және олардың дискурсивті өңделуінде шешуші рөл атқарады және интуитивті шешімдерді рәсімдеуге мүмкіндік береді [1.23-б.].

Кәсіби білім беру салаларында болашақ мамандардың ұлттық құндылықтарын табысты іске асырудың маңызды факторы осы процестің шығармашылық әлеуетінің деңгейін арттыру болып табылады.

Шығармашылық жаңарудың еніп келе жатқан сипаты адамның өмірдің өзгеретін шындықтарына сәтті бейімделуіне, жұмысқа, білімге, бос уақытқа өзінің идеясын сипаттай алуға мүмкіндік береді және адамның қазіргі қоғамда өнімді еңбек әрекеті арқылы өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал етеді. Шығармашылық феномені еңбекке, адамның әлеуметтік болмысының негізгі мазмұнына, оның логикалық ойлау қабілеттеріне, әлемге деген шығармашылық көзқарасына тікелей байланысты.

Шығармашылық еңбектің мәні мен сипатының өзгеруі тек экономиканың ғана емес, бүкіл қоғамның жаңа парадигмасының негізінде жатыр. Адамзаттың жаңа сапалы дамуына байланысты индустриалды типтегі негізгі еңбектегі өзгерістер моделін жою және ауыстыру арқылы анықталады. Мұндай трансформация адамның өмір сүру және қызмет ету жағдайларына ғана емес, сонымен бірге оның мүдделерін, мақсаттарын, құндылықтарын, ұмтылыстарын өзгертетін ішкі мәніне де әсер етеді.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Болашақ мамандардың еңбек нарығы жастарға деген еңбек талаптары мен оларды қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы алшақтықтың артуымен сипатталады. Жастардың практикалық жұмыс тәжірибесі болмағандықтан немесе ол жеткіліксіз, азаматтардың бұл санаты еңбек нарығында аз сұранысқа ие болады.

Аталған мәселе бойынша кәсіптік білім беру, оның ішінде Қазақтың сәндік – қолданбалы өнердегі мәселелер жөнінде болашақ мамандардың шығармашылығын шыңдайтын отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасай отырып Д.И.Үркенбаева [2.27-б.], Г.Қ.Шырынбаева [3.27-б.], А.Ш.Манабаева [4.-21б.], А.Д.Райымкулова [5.159-б.] еңбектерінде анықтауға

мүмкіндік бергенін байқауға болады. Сонымен қатар осы көрсетілген ғылыми еңбектерге талдау жасау барысында болашақ сәндік – қолданбалы өнер мамандардың ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық қабілетін жетілдіру мәселелері зерттелгенін анықтауға болады.

Болашақ технология (көркем еңбек) мамандарын даярлаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін С.А.Жолдасбекованың еңбегінде жан – жақты қарастырылған[6.- 41б.].

А.С. Мағауованың еңбегінде халық педагогикасының дәстүрлері, этнопедагогиканың тұжырымдамалық аппараты берілген. Болашақ мұғалімдерді даярлау моделі ерекше қызығушылық тудырады және тұтас оқу орнының педагогикалық үрдісінде, сондай-ақ болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметін көрсеткен [7.- 145б.].

Ш.Таубаева шығармашылықты жеке тұлғаны қалыптастыру құралы ретінде, ал С.Т.Шатский., Л.И.Божович шығармашылықты іс-әрекет ретінде қарастырған. Мұнда шығармашылық пен еркіндіктің диалектикалық ұғымының қалыптасу деңгейін ұсына отырып, шығармашылық үдерістің әлеуметтік қатынастармен байланысын көрсетеді және оны адамның рухани мәдениетінің дамуының шарты ретінде қабылдайды.

Шығармашылық процесті жан-жақты талдай келе, педагогикалық шығармашылықты арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің ойында мотивация мен интуицияның пайда болу керектігін, содан кейін шабыттандыру мен жаңа идеяны ойлап табу арқылы ізденпаздық танытып, соның негізінде жоспар құрып, оны іске асыру қажет деп көрсеткен [8. 381б.].

Р.І. Кадирбаева өзінің болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми – педагогикалық негіздері – атты еңбегінде шығармашылық өте күрделі үдеріс, онымен айналысатын адам мақсатты сезінеді, міндет қоя біледі және оның шешу жолын іздестіреді. Сонымен қатар шығармашылық үдерісте ішкі түйсіктің, ойлаудың, елестетудің, қиялдай білудің де орны ерекше деп көрсеткен [9. 36 б.].

З.Ш.Айдарованың еңбегінен бейнелеу өнеріндегі өзекті мәселе халық шығармашылығының қалыптасуының негізгі факторлары мәдениеті мен өнерге деген тұжырым жасаған. Онда бейнелеу өнерін меңгеруде көркемдік біліктілік, шығармашылық дағдыларды қалыптастыру мақсатында қойылатын талаптарын атап өткен, бейнелеу өнерін меңгеруде белсенді, шынайы шығармашылыққа үйрену, деп сипаттаған [10.170 б].

Ал шетелдік ғалымдарымыз М.Ю.Комарова өзінің «Болашақ мұғалімдердің аудиториядан тыс қызметтегі шығармашылық әлеуетін дамыту» - атты тақырыбында, шығармашылық – бұл жеке тұлғаның интеграцияланған сипаттамасы, оның негізі жеке тұлғаның жалпы қабілеттерінен, ерекшелігі жеке өсуге, зияткерлік саланы өзгертуге, адамның басқа адамдармен қарым-қатынас процесінде өзін-өзі танытуға бағытталғанын көрсете білген. Сонымен қатар педагогикалық шығармашылық әлеуеттің компоненттерін: зияткерлік, зияткерлік дағдыларды іске асыруды қамтамасыз ететін; мотивациялық, тұлғаны өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жүзеге асыруға

ынталандыратын; коммуникативті, қарым-қатынас процесінде тұлғаның өзін-өзі тануының алғышарттарын жасайтын және жаңа ақпараттық объектілерді іздеуге және құруға бағытталған дивергентті ойлау қабілеті ретінде қарастырған [11. 198 с.].

О.И.Вандышева өзінің зерттеуінде тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруы контекстіндегі шығармашылық мәселесін қоғамның дамуының әртүрлі кезеңдеріне, нақты тарихи кезеңдегі қызығушылықтың күшеюі немесе әлсіреуі әлеуметтік өзгерістердің тереңдігіне, қоғамның шығармашылық қызметіндегі объективті қажеттілікке, әлеуметтік жүйенің адамға жарияланған және нақты қатынасының ерекшеліктерімен байланыстырған. Болашақ мамандардың сәндік-қолданбалы іс-шараларын ұйымдастыру мақсатында арнайы бағдарламасын ұсынып, онда аудиториялық, аудиториядан тыс және студенттің өзіндік жұмысын еңгізген. Онда шеберханада жасаған жұмыстар, бірқатар практикалық тапсырмалар, арнайы әдебиеттерді зерттеуді, практикалық сабақтарға тапсырмаларды орындауды (эскиздер, суреттер, макеттер, қажетті жаттығуларды орындау және т.б.) қамтыған. Сонымен қатар мамандандырылған сөздік пен дипломдық жұмыстарды орындау жолдарын ұсынған [12.163 с.].

Бейнелеу өнері, қолөнері бойынша білім берудегі шығармашылық туралы заманауи идеяларды қайта қарастыру қазіргі заманғы көркемдік білім берудің маңызды мәселесі болуы керек. Қазіргі уақытта шығармашылық ұлттық көркемдік білім беру басты назарда болмауы мүмкін. Өйткені көркемдік білім барлық студенттер үшін жеке процестерге де, мәдени тәжірибелерге де назар аудара отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытатын және оны жүзеге асырады. Көркемдік білім мен шығармашылыққа қатысты ұғымдарды сыни тұрғыдан талдау арқылы барлық өнер студенттеріне шығармашылық білім беруді дамыту үшін зерттеулер мен тәжірибені дамытуға болады деп айтылады. Шығармашылықты қайта қарастыруға қатысты осы мақалада талқыланған тақырыптарға көркем білім берудегі шығармашылық тарихы, шығармашылықты анықтау, шығармашылық процестерді бағалау, диспозициялық факторлар мен шығармашылық тұлғалар, мәдени өзгергіштік пен шығармашылық, сонымен қатар оқушылардың шығармашылығына ықпал ететін білім беру шаралары кіреді.

Білім беру тәжірибесінде өздігінен, жеткілікті түсінусіз, шығармашылық идеялардың негізгі кезеңдері жүзеге асырылады, сондықтан ол процесс ретінде емес, бір реттік түсінік ретінде қабылданады. Көбінесе болашақ маманның шығармашылық идеясын жүзеге асыру процесінің бірізділігінің белгісіздігі олардың кәсіби қалыптасуы тұрғысынан оның дамуының маңыздылығын іс жүзінде бағаламауға әкеледі [13. 382-399р.].

Болашақ кәсіптік оқыту мамандардың зияткерлік, белсенділік және ұлттық құндылықтар негізінде жеке шығармашылық компоненттерін дамытудың тиімді жолдарын оқу процесінде пайдалану арқылы өзін-өзі жүзеге асыру, өзін-өзі көрсету мүмкіндігін анықтау болып табылады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымы болашақ кәсіптік оқыту мамандарының шығармашылық ойлауын, оның ішінде ұлттық құндылықтар

негізінде білім беру құралдарын дамыту процесін ашуға өте мүдделі. Кез келген кәсіби мамандарды даярлаудың құрамдас бөлігі олардың шығармашылық ойлауын дамытуға мүмкіндік береді, онсыз кәсіби мәселелерді шешу қиын болып табылатын.

Болашақ кәсіптік оқыту мамандарының жаңа қызмет түрі қалыптасуда - "зияткерлік еңбек қызметкері", ол ақпарат пен біліммен жұмыс істеуге, жоғары ұтқырлыққа, ең алдымен өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі көрсету үшін кеңістік ашатын қызметпен айналысуға деген ұмтылысты біріктіреді. Бірақ бірқатар қарама-қайшылықтар бар, өйткені шығармашылық білім беру жүйесіндегі мотивацияның, материалдық емес мотивтермен және ынталандырулармен қозғалатын адамдар көп емес. Олар бір жағынан қоғамның дамуын анықтайтын, ал екінші жағынан қоғамның қалған бөлігіне қарсы тұратын әлеуметтік топты құрайды. Өмірдің мағынасын растау және іске асыру адамды шығармашылыққа итермелейтін фактор болуы мүмкін. Сонымен қатар, шығармашылық қызмет теріс факторлармен қоғамнан әділетсіздік, жеке кемшіліктер мен үйлесімсіздік сезімі және т.б. ынталандырылуы мүмкін. Бұл көбінесе іс жүзінде болып жатқан және қоғамда осындай көңіл-күйді тудыратын процестерге байланысты. Салыстырмалы түрде ашық құрылымдық элементтері бар қазіргі заманғы әлеуметтік стратификация әлеуметтік ұтқырлықтың жоғары деңгейіне жағдай жасайды, ол сонымен бірге жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту мен іске асыруды ынталандырады [14.741-7516.].

Кәсіптік оқыту мамандарының шығармашылық еңбек атрибуты мен әлеуметтік прогресті дамытуын, адам әлемін қалыптастыру және адамның өзін-өзі дамыту құралы ретінде қарастыруға болады. Шығармашылық еңбекте, өзара іс-әрекетпен алмасуда, еңбек қатынастарында адамның әлеуметтік болмысы ретіндегі ерекше қасиеттері ашылады. Шығармашылықта көптеген әлеуметтік және жеке факторлар, оның ішінде психологиялық қасиеттері де маңызды: мінез, ерік-жігер, тапқырлық, құмарлық, тәжірибе, сонымен қатар проблемаларды тұжырымдай білу, тәуелсіздік, сыни, толеранттылық және т.б. Шығармашылық тек туа біткен қабілеттерге ғана емес, сонымен қатар күнделікті іс-әрекет режиміне, құндылық бағдарларының басымдығына, өзін-өзі дамытуға, конструктивтілікке, болашақ мамандардың кәсіби мәселелерін шешуге өзіндік шығармашылық көзқарасқа негізделген мотивациялық ортаға деген қажеттілікке де қатысты.

Қазіргі қоғамда болашақ маманға өз орнын табу, бейімделу, мамандыққа тез кіру дағдыларын алу өте маңызды. Құндылық бағдарлары болашақ маманның қажеттіліктерін қоғамның жаңа жағдайына көшу кезеңіндегі гуманистік ұстанымға сәйкес ішкі әлемді өзгерте отырып қанағаттандырады, бұл осы мәселені терең теориялық және әдіснамалық зерттеу қажеттілігін өзекті етеді. Болашақ кәсіби қызметке бейімделу жоғары білімнің де, кәсіпорындар мен ұйымдардың жас мамандармен қарым-қатынас тәжірибесінің де оңай емес міндеті болды. Сондықтан кәсіптік оқыту мамандары оқу жоспарындағы кәсіби пәндерді игеруде практикалық

сабақтарда шығармашылық жұмыстарды орындау барысында дағдыларды алу өзекті міндет болып табылады.

Бүгінгі таңда болашақ мамандарды кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесі бұрынғыдан да өткір тұр. Өйткені кәсіптік оқыту мамандары мектепке, колледжіге және басқа да мекемелерге маман болумен қатар кәсіпкерлік саласын да меңгереді. Сөйтіп еңбек нарығында ұтқыр, бірақ объективті және субъективті тәртіптің себептеріне байланысты осал санат болып қала береді. Кәсіптік білім алған жастардың еңбек нарығына "кіру" проблемасы көбінесе әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты, бұл болашақ мамандардың жұмысқа орналасу перспективалары мен болашақ еңбек қызметі туралы идеялары, жұмыс орнындағы нақты жағдайға және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың нақты қатынасына сәйкес келмейді. Көбінесе бұл болашақ мамандықты дұрыс таңдамаудың салдары, оның әртүрлі аспектілері туралы ақпараттың төмендігі [15.163 с.].

Олардың әлеуметтік жетілмегендігі, еңбек нарығына кіруге психологиялық дайын еместігі ЖОО түлектерін жұмыс берушілер тарапынан қабылдаудың жағымсыз стереотиптерінің қалыптасуына алып келеді.

Маманның кәсіби қызметіндегі шығармашылық идеяның міндеттілігі оны жаңашылдық, батылдық және стандартты емес сияқты шығармашылық сипаттамаларына бағыттауды қамтиды. Шығармашылық идея осы сипаттамаларын типтік ретінде қабылдау олардың мағынасын түсіндіруді тоқтатпайды.

Болашақ мамандардың шығармашылық идеясының негізгі компоненттерін анықтау тәжірибесін толықтыру аспектісінде кәсіптік оқыту мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңғыртуға ықпал етеді; шығармашылық жұмысты орындау барысында бірізділікті сақтау; шығармашылық идеяны дамытуда кәсіптік оқыту мамандарын практикаға бағыттау тұжырымдамасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Болашақ кәсіптік оқыту мамандардың сәндік қолданбалы өнер жұмыстарын орындау барысында шығармашылық идеяларын дамыту тәжірибесінде ұлттық құндылықтарға баса назар аударылады.

Өйткені қолөнер туындыларын орындаудың өзі тұнып тұрған ұлттық құндылық, мұнда әрбір шығармашылық жұмыстың әрбір элементінің орналасуы, оған түсетін өрнектері, оларды стелизациялау мен түстік үйлесімділігінде ұлттық нақыштың орын алатыны белгілі. Бұл болашақ мамандарының сәндік-қолданбалы өнер арқылы шығармашылық идеяларын дамытудағы басты кедергі болып табылатын кәсіби білім берудегі осындай жағдайлардың жетіспеушілігі деп болжанады. Бұл шарт қажет болса да, болашақ мамандардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін жеткіліксіз.

Болашақ мамандардың шығармашылық ойлауының маңызды құрамдас бөлігі – олардың мәселенің шешімін табуға деген қажеттілігінің болуы. Білім беру субъектілерінің қарастырылып отырған міндетке жеке көзқарасын өзектендірмей, мұндай қажеттілік туындамауы да мүмкін.

Болашақ мамандарды сәндік-қолданбалы өнерге оқытуда жоба әдісінің орны ерекше, өйткені орындалатын шығармашылық жұмыстың эскизін, оған

қажетті шикізатты, көлемін, жұмсалатын уақытын, материал шығынын ескереді. Сонымен қатар шығармашылық жұмыстың нарық жағдайындағы сұранысты қанағаттандыратыны да есепке алынады.

Нәтижелер

Болашақ мамандардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру процесінің әзірленген моделі жүйелі, белсенді, жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерді ескере отырып құрылған, кәсіби пән міндеттерін көрсетеді және келесі дидактикалық компоненттерді қамтиды:

– сәндік-қолданбалы іс-әрекетте студент тұлғасының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын дамыту;

– сәндік-қолданбалы шығармашылыққа оқыту процесін ұтымды ұйымдастыруды және студент тұлғасының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын дамытумен байланысты оқу іс-әрекетін басқаруды қамтамасыз ететін дидактикалық қағидаттар кешені (ғылыми қағидат, сабақтастық принципі, жүйелілік, ұжымда оқыту қағидаты, оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу қағидаты, өмірмен, практикамен байланыс қағидаты, қолжетімділік қағидаты, сана мен белсенділік қағидаты, көрнекілік қағидаты, оқыту нәтижелерінің саналылығы мен пәрменділігі қағидаты);

– дидактикалық шарттар, оның ішінде: студенттің жас ерекшеліктері мен шығармашылық мүмкіндіктерін барынша ашу; педагогтің шығармашылық әлеуетін іске асыру; бірлескен шығармашылықты, диалогтық өзара іс-қимылды пайдалану; шығармашылық атмосфераны құру; студенттердің өз қызметін рефлексиялауды жүзеге асыру;


– шығармашылық қызметке оң уәждемені дамытуды, шешімнің шығармашылық іскерлігін дамытуды қамтитын оқу қызметінің мазмұны, өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі бағалауды, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруда рефлексия мен түзетуді жүзеге асыру;

– оқыту әдістері: оқуды ынталандыру, проблемалық, жобалық әдіс, көрнекі әдістер;

– әдістемелік құралдарды, көрнекі құралдарды, қажетті және қосымша жабдықтарды, электрондық оқыту құралдарын қамтитын оқыту құралдарының кешені;

Болашақ маманның сәндік-қолданбалы өнер әрекеті негізінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінің моделі практикалық сабақ барысында орындалатын шығармашылық жұмыс әрекеттерін басқару және ұйымдастыру құралы, үлгілі дұрыс әрекеттерді немесе олардың нәтижелерін ұсыну құралы, демек мақсаттардың жұмыс көрінісі болып табылады.

Кесте 1 - Болашақ маманның сәндік-қолданбалы өнер әрекеті негізінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінің моделі





Бұл модельді зерттеу болашақ мамандардың ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық жұмыстың тиімділігін анықтайды. Осы мақсатты іске асырудың негізінде жүйелі, әрекеттік және жеке тұлғаға бағытталған тәсілдер жатыр. Студенттің жеке басының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруын дамыту бойынша педагогикалық процестің негізгі компоненттері оқыту әдістері, құралдары және оқу жұмысын ұйымдастыру нысандары болып

табылады. Модельдің субъектілері – болашақ маман. Оқу субъектілерінің өзара іс-қимылын барынша ұйымдастыру студенттердің жеке қабілеттеріне бағытталған. Жеке оқу-танымдық іс-әрекеттерден басқа, біз ұжымдық және топтық әрекеттерді қолдандық, өйткені бірлескен іс-әрекет барысында болашақ маман алдында туындаған мәселені интуитивті шешу мүмкіндігі жиі кездеседі.

Алайда, көптеген зерттеулерінің нәтижелері болашақ мамандардың ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық қабілеттерін дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру оқу жұмысын жеке ұйымдастыру жағдайында тиімді екенін растайды [13].

Ұсынылған модельдің нәтижесі болашақ мамандарды сәндік-қолданбалы өнер іс-әрекетте өзін-өзі жүзеге асырудың жоғары деңгейіне көшуі болып табылады. Бұл жеке тұлғаның дамуына ықпал етеді: мотивтер өзгереді, жұмыс әдістері жақсарады, оған жауапты көзқарас қалыптасады, қажетті шығармашылық жұмыс қабілеті пайда болады, тақырыптың позициясы қалыптасады және тағы басқалар.



Сурет – 1. Шығармашылық жұмысты құрудың негізгі бағыттары.

Болашақ кәсіптік оқыту мамандарының сәндік қолданбалы өнер жұмыстарын орындау барысында шығармашылық ойлауының маңызды рөлі, құбылыстарды сыни қабылдау болып табылады. Осыған байланысты шығармашылық әрекеттерді қолдау жағдайдың шындығын да, оны түсінудің мүмкін нұсқаларын да талқылау барысында ұлттық құндылықтардың орны ерекше. Өйткені шығармашылық жұмыс болашақ маманның қабілеттілігін,

қызметке деген таңдамалы қызығушылығын, жұмысқа деген құштарлығын, стандартты емес ойлау, өзін-өзі жетілдіру қабілетін, өзін-өзі тану қажеттілігі және осы элементтердің өзара әрекеттесуі нәтижесінде пайда болатын дарындылық, талант сияқты компоненттер кіреді. Сондықтан кәсіби білім беруде сәндік – қолданбалы өнер арқылы шығармашылық жұмыстарды жетілдіру барысында алдыменен белгілі ғалымдардың, өнертанушылардың, қолөнершілердің еңбектерін жан – жақты салысырмалы түрде қарастырған жөн. Өйткені әрбір шығармашылық жұмыстың бірін – бірі қайталамайтын өзіндік бояуы, колориті, бағыты, стилі, орындалу техникасымен ерекшеленеді. Сәндік қолданбалы өнердегі шығармашылық жұмыс адам қызметінің ерекше түрі ретінде жеке тұлғаны дамытудың маңызды тетігі және оның өзін-өзі жүзеге асыруының, даралықтың, бірегейліктің көрінісі болып табылады.

Сәндік қолданбалы өнердегі шығармашылық жұмыста тұнып тұрған ұлттық құндылықтарды дәріптейміз. Шығармашылық өзін-өзі тану проблемасына тарихи қалыптасқан ғылыми көзқарастарды талдау, "өзін-өзі растау", "өзін-өзі тану", "өзін-өзі көрсету", "өзін-өзі ашу", "өзін-өзі дамыту" сияқты ұғымдармен анықталғанын көрсетеді [16.439-449б].

Талқылау

Болашақ маман өзін-өзі жүзеге асыру барысындағы шығармашылық қабілетті жеке тұлғаның әлеуетін және олардың әр түрлі өмір барысында белсенді көрінісін түсінуге және барынша ашуға бағытталады. Болашақ мамандардың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруы көп өлшемділікпен сипатталады.

Біріншіден шығармашылық қызметті жүзеге асыруда ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық қызмет ретінде әрекет етеді.

Екіншіден болашақ мамандардың жеке басын толығымен жұмылдыруға және өздерін тиісті қызмет түрінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қабілеттердің синтезі ретінде көрсетеді.

Оқу үрдісінде сәндік-қолданбалы іс-әрекеттің маңызы ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық жұмысты жүзеге асырудың негізі, тек сырттан ғана емес, сонымен бірге адамның ішкі қажеттілігі де анықталады. Бұл жағдайда адамның іс-әрекеті әуесқойлық іс-әрекетке айналады, ал оның қабілеттерін осы іс-әрекетте жүзеге асыру өзін-өзі жүзеге асыру сипатына ие болады. Сәндік-қолданбалы өнер кәсіби және халық шығармашылығының бірқатар салаларын, оның ішінде тұрмыстық бұйымдарды қамтитын саланың бірі. Адам барлық жерде жанасатын заттық ортаның шектеулі бөлігін құрайтын сәндік өнер өзінің эстетикалық қасиеттерімен, бейнелі құрылымымен ортаның эстетикалық ұйымдастырылуында маңызды рөл атқарады.

Халықтық сәндік-қолданбалы өнердегі шығармашылық шабыттың, көркемдік ойлау мен бейнелеу іс-әрекетінің дағдыларын дамытудың сарқылмас көзі болып табылады. Халық сәндік-қолданбалы өнер сан ғасырлық салт-дәстүрлер көрінісінің сабақтастығы. Әрбір қолөнер шеберлерінің артында белгілі бір шығармашылық туындының тарихи көріністері олардың

өмірмен тығыз байланысты болды. Сондай-ақ халықтың дәстүрлі қолөнер мәдениеті ғасырлар бойы жас ұрпақты тәрбиелеу құралдарының бірі бола отырып, қоғам мүшелерінің барлық қатынастарын реттеп келді.

Қазіргі уақытта дәстүрлі қолөнер бұйымдарын көненің көзі ретінде қолдана отырып, оларды заманауи үлгіде жасау жолдарын пайдалануда. Атап айтатын болмақ, киіз басу өнері, тек тұрмыстық бұйымдарда қолданыста болса, қазіргі уақытта киім-кешек жасау мүмкіндігі орын алуда. Мысалы текемет, сырмақ, бөстек дәстүрлі киіз басу технологиясы, демек аяқпен басу арқылы жасалынатын. Ал киім-кешекті кестелеу арқылы тігетін.

Қазіргі уақытта бас киім, аяқ киім, бешпет, пальто, кеудеше және т.б. сәндік әшекей заттарды ноно технология арқылы жасайды. Мұнда киіз бұйымдарын жасаудың құрғақ және дымқыл тәсілін қолданады. Тұрмыстық бұйымдар мен иықты, бас, аяқ киімдерді дымқыл тәсілмен орындайды (Сурет-2).



Сурет-2,а;



Сурет-2,ә;



Сурет-2,б;



Сурет-2,в;



Сурет-2,г



Сурет-2,д;

Сурет-2. Дымқыл тәсіл арқылы пальто бастыру

Міне сәндік қолөнер бұйымдарын орындау барысында болашақ мамандардың шығармашылығының шебер орындалған үлгілерін талдай келе, осы киім үлгісіне түскен ою-өрнектің ассиметриялы қайталанатын элементтерін байқауға болады, бірақ белгілі бір енгізген жаңалық та көрінеді, бұл киімде орналасқан ою-өрнек мәнерлі және үйлесімді көрінеді. Демек дымқыл тәсілмен бастырылған киімнің сыртқы көрінісі мен оның сапасы жоғары көркемдік деңгейде орындалғанын бағалауға, оны орындаған шебердің эмоционалды қызмет саласының дамуына, ойлаудың бейнелі және семантикалық сипатына негіз береді. Мұндай бұйым мұрагерлік және белгілі бір қасиеттерді өмір салтымен, салт-дәстүрлермен, оқыту әдістерімен тәрбиелеудің ғасырлық дәстүрін қамтиды. Бұл сәндік қолөнер негізінде

алынған білім мен эмоционалды-бейнелі көзқарастардың жиынтығын білдіретін шығармашылық акт ретінде болашақ маманның өзін-өзі жүзеге асыру процесінде өте маңызды.

Болашақ мамандардың көркем шығармашылық мазмұнын түсіну, сабақтың әр кезеңін талаптарға сәйкес талдау, эскиз салуда суретті қабылдау, болашақ мамандарға мүмкіндік беретін психологиялық және практикалық дағдыларды пайдалана отырып дамытады. Сондықтан сәндік – қолданбалы өнер саласында практикалық сабақтар барысында болашақ мамандар ұлттық бұйымдар орындау арқылы көркемдік білім берудің инновациялық формаларымен үнемі жаңартылып отырады.

Қорытынды

Жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне талдау жасау барысында болашақ кәсіптік оқыту мамандарының шығармашылық іс-әрекетін жетілдіру мәселелері жеткілікті түрде толығымен зерттелмегені анықталды. Мұнда жалпы педагогикалық шығармашылықты арттыру, мұғалімнің ойында мотивация мен интуицияның пайда болу керектігін, содан кейін шабытттану мен жаңа идеяны ойлап табу арқылы ізденпаздық танытып, соның негізінде жоспар құрып, оны іске асыру қажет деп көрсеткен. Сонымен қатар қазіргі қоғамда өнімді еңбек әрекеті арқылы өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін шығармашылық әрекетті қарастырған.

Ал біздің зерттеуімізде болашақ мамандардың сәндік-қолданбалы өнер арқылы ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық қабілетін жүзеге асыру мәселелері орын алды. Зерттеу барысында болашақ кәсіптік оқыту мамандарының сәндік-қолданбалы өнер арқылы шығармашылық жұмыстарын іске асыруға талдау жасалды. Болашақ маманның сәндік-қолданбалы өнер әрекеті негізінде шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру үдерісінің моделі жасалды. Мұнда кәсіптік оқыту мамандарының оқу жоспарындағы сәндік – қолданбалы өнер пәнін игеруде практикалық сабақтарда шығармашылық жұмыстарды орындау көзделді. Ұсынылған модельде болашақ мамандардың сәндік-қолданбалы өнер арқылы ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық қабілетін жүзеге асыру жолдары қарастырылды. Атап айтқанда – болашақ кәсіптік оқыту мамандардың ұлттық құндылықтар негізінде жеке шығармашылық компоненттерін дамытудың тиімді жолдарын оқу процесінде пайдалану арқылы өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі анықталды. Болашақ кәсіптік оқыту мамандарының ұлттық құндылықтар негізінде шығармашылық жұмыстарды жетілдіруді теориялық тұрғыда меңгеруі қажет. Өйткені заман талабына сай сәндік – қолданбалы өнер туындылары жылдан – жылға жаңарып, оның орындалу әдіс – тәсілдері де өзгеріп отырады. Онда шығармашылық жұмысқа қолданылатын заманауи шикізаттар мен құралдар, өңделу технологиясы, жаңаша терминдер еңгізілді. Сондықтан сол шикізаттардың қасиеттерін, құрылымын, орындалу технологиясы мен бірізділігін теориялық тұрғыда меңгереді. Демек оқыту әдістері, принциптері, оқытуды ұйымдастыру формалары мен дидактикалық шарттары анықталды.

Ал тәжірибелік сабақта, біздің ұсынып отырған «Ноно» технологиясы арқылы киізден жасалған бұйымның орындалу процесінің өзіндік ерекшелігі осы жұмыстың құндылығын арттырады. Демек, мұнда табиғи жүннен дымқыл тәсілмен бастырылған киім үлгісіне түскен ассиметриялы ою-өрнектің үйлесімді орналасуы ұлттық құндылықтың нышаны. Нәтижесінде сәндік қолөнер негізінде алынған білім мен эмоционалды-бейнелі көзқарастардың жиынтығын білдіретін шығармашылық жұмыс болашақ маманның өзін-өзі анықтауына септігін тигізеді.

Болашақ мамандардың шығармашылық идеясының негізгі компоненттерін анықтау тәжірибесін толықтыру аспектісінде кәсіптік оқыту мамандығының білім беру бағдарламасының мазмұнын жаңғыртуға ықпал етеді; шығармашылық жұмысты орындау барысында бірізділікті сақтау; шығармашылық идеяны дамытуда кәсіптік оқыту мамандарын практикаға бағыттау тұжырымдамасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Әбдіғаппарова Ұ.М., Ұзақбаева С.А. Қазақ сәндік қолданбалы өнерінің білім беру жүйесінде пайдалану тұжырымдамасы. – Алматы. 2007. - 23 б.

[2] Үркінбаев Д.И. Студенттердің эстетикалық мәдениетін сәндік қолданбалы қолөнер арқылы қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед, ғыл, канд, автореф. – Алматы, 2006. - 27б.

[3] Шырынбаева Г.Қ. Дәстүрлі қолөнер негізінде жоғары сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетін қалыптастыру: Пед.ғыл.канд. ...дисс. автореф. – Астана. 2008. – 27 б.

[4] Манабаева А.Ш. Формирование художественно-технологических знаний, умений и навыков по казахскому декоративно-прикладному искусству: 13.00.08 Автореф. дис...канд. пед. наук. – Караганда. 2004. - 25 с.

[5] Райымқұлова А.Д. қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы оқушылардың технологиялық мәдениетін қалыптастыру: дисс...пед.ғыл. канд. – Алматы. 2009. - 159 б

[6] Жолдасбекова С.А. Жоғары оқу орнында болашақ еңбек технологиясы және кәсіпкерлік мұғалімін кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасы: докт...автореф: 13.00.08. - Алматы. 2006. - 41б.

[7] Рахметова Н.Б. Болашақ технология мұғалімін көркемдік конструкторлық іс-әрекетке кәсіби даярлау: дисс...пед.ғыл. канд.... – Алматы. 2006. - 138б.

[8] Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. - Алматы:Алем, 2000. - 381 с.

[9] Кадирбаева Р. І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері: педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2010. - 36 б.

[10] Айдарова З.Ш. Мектептің бастауыш сатысында бейнелеу өнерін оқытуды қазақтың сәндік-қолданбалы шығармашылығы арқылы онтайландырудың дидактикалық негіздері. диссертация педагогика ғылымының кандидаты. – Шымкент. 2007. - 170 б.

[11] Комарова М.Ю. Развитие творческого потенциала будущих учителей во внеаудиторной деятельности. Диссертация. – Москва. 2002. - 198 с.

[12] Вандышева О.В. Развитие творческой самореализации личности студента в декоративно-прикладной деятельности. Диссертация. - Магнитогорск. 2005. - 163 с.

[13] Enid Zimmerman. Reconceptualizing the Role of Creativity in Art Education Theory and Practice. //Indiana University. Studies in Art Education A journal of Issues and Research. – 2009. - 50 (4). - 382-399p.

[14] Kamak, A.O., Rakhmetova, N.B., Imankulova, L. The Requirements for the Formation of Future Fine Art Teacher's Pedagogical Competence. //Indian Journal of Science and Technology. - 2016. - Vol 9(22). - 1-7 с.

[15] Алиева А.Р. Формирование творческой активности учащихся в процессе занятий народным декоративно-прикладным искусством (на примере текстильных структур Карачаево Черкесии): дис. ... канд. пед. наук. – М. 2005. - 163 с.

[16] Рахметова Н.Б., Ажыбаева Қ.Б. Болашақ көркем еңбек пәні мұғалімдерінің шығармашылық жобалар орындау мүмкіндіктері //Абай атындағы ҚҰПУ.Хабаршы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018. - №3 (59). - 153-159 б.

REFERENCES

[1] Äbdigapparova U.M., Uzaqbaeva S.A. Qazaq sändik qoldanbalı öneriniñ bilim berw jüyesinde paydalanw tujırımdaması (The concept of using Kazakh decorative and applied arts in the education system). – Almatı. 2007. - 23 b. [in Kaz]

[2] Ürkinbaev D.İ. Stwdentterdiñ éстетikalıq mädenietin sändik qoldanbalı qolöner arqılı qalıptastırwdıñ pedagogikalıq şarttarı (Pedagogical conditions for the formation of aesthetic culture of students through decorative and applied arts): ped, ğıl, kand, avtoref. – Almatı, 2006. - 27b. [in Kaz]

[3] Şırımбаева G.Q. Dästürlı qolöner negizinde joġarı sınıp oqwşılarınıñ éстетikalıq mädenietin qalıptastırw (Formation of aesthetic culture of high school students on the basis of traditional crafts): Ped.ġıl.kand. ...diss. avtoref. – Astana. 2008. – 27 b. [in Kaz]

[4] Manabayeva A.SH. Formirovaniye khudozhestvenno-tekhnologicheskikh znaniy, umeniy i navykov po kazakhskomu dekorativno-prikladnomu iskusstvu (ormation of artistic and technological knowledge, skills and abilities in the Kazakh decorative and applied arts): 13.00.08 Avtoref. dis...kand. ped. nauk. – Karaganda. 2004. - 25 s. [in Rus.]

[5] Rayımqulova A.D. qazaq xalqınıñ sändik-qoldanbalı öneri arqılı oqwşılardıñ texnologiyalıq mädenietin qalıptastırw (Formation of technological culture of students through decorative and applied arts of the Kazakh people): diss...ped.ġıl. kand. – Almatı. 2009. - 159 b [in Kaz]

[6] Joldasbekova S.A. Joġarı oqw ornında bolaşaq eñbek texnologiyası jäne käsipkerlik muġalimin käsibi dayarlawdıñ teoriyası men praktikası (Theory and practice of professional training of future teachers of labor technology and entrepreneurship in higher education): dokt...avtoref: 13.00.08. - Almatı. 2006. - 41b. [in Kaz]

[7] Raxmetova N.B. Bolaşaq texnologiya muġalimin körkemdik konstrwktorlıq is-äretke käsibi dayarlaw (Professional training of future technology teachers for artistic and design activities): diss...ped.ġıl. kand.... – Almatı. 2006. – 138 b. [in Kaz]

[8] Taubayeva SH.T. Issledovatel'skaya kul'tura uchitelya: metodologiya, teoriya i praktika formirovaniya (Research culture of the teacher: methodology, theory and practice of formation). - Almaty:Alem, 2000. - 381 s. [in Rus.]

[9] Kadırбаева R. I. Bolaşaq muġalimderdi oqwşılardıñ şıġarmaşılıq qabiletin damıtıwğa käsibi dayarlawdıñ ġılımı-pedagogikalıq negizderi: pedagogika ġılımdarınıñ doktori ġılımı дәреjesin alw üşin dayındalġan dissertaciya (Scientific and pedagogical bases of professional training of future teachers for the development of creative abilities of students: dissertation for the degree of Doctor of Pedagogical Sciences). – Almatı, 2010. - 36 b. [in Kaz]

[10] Aydarova Z.Ş. Mekteptiñ bastawış satısında beynelew önerin oqıtwdı qazaqtıñ sändik-qoldanbalı şıġarmaşılıġı arqılı ontaylandırwdıñ didaktikalıq negizderi. dissertaciya pedagogika ġılımınıñ kandidatı (Didactic bases of optimization of teaching fine arts at the primary school level through Kazakh decorative and applied arts. dissertation candidate of pedagogical sciences). – Şımkent. 2007. - 170 b. [in Kaz]

[11] Komarova M.YU. Razvitiye tvorcheskogo potentsiala budushchikh uchiteley vo vneauditornoy deyatel'nosti (Development of creative potential of future teachers in out-of-audit activities). Dissertatsiya. – Moskva. 2002. - 198 s. [in Rus.]

[12] Vandysheva O.V. Razvitiye tvorcheskoy samorealizatsii lichnosti studenta v dekorativno-prikladnoy deyatelnosti (Development of creative self-realization of the student's personality in decorative-applied activity). Dissertatsyay. - Magnitogorsk. 2005. - 163 s. [in Rus.]

[13] Enid Zimmerman. Reconceptualizing the Role of Creativity in Art Education Theory and Practice (Reconceptualizing the Role of Creativity in Art Education Theory and Practice). //Indiana University. Studies in Art Education A journal of Issues and Research. – 2009. - 50 (4). - 382-399p.

[14] Kamak, A.O., Rakhmetova, N.B., Imankulova, L. The Requirements for the Formation of Future Fine Art Teacher`s Pedagogical Competence (The Requirements for the Formation of Future Fine Art Teacher`s Pedagogical Competence). //Indian Journal of Science and Technology. - 2016. - Vol 9(22). - 1-7 c.

[15] Aliyeva A.R. Formirovaniye tvorcheskoy aktivnosti uchashchikhsya v protsesse zanyatiy narodnym dekorativno-prikladnym iskusstvom (Formation of creative activity of students in the process of occupations in folk decorative and applied arts) (na primere tekstil'nykh struktur Karachayevo Cherkesii): dis. ... kand. ped. nauk. – M. 2005. - 163 s. [in Rus.]

[16] Raxmetova N.B., Ajibaeva Q.B. Bolaşaq körkem eñbek pãni muğalimderiniñ şıǵarmaşılıq jobalar orındaw mümkindikter (Opportunities for the implementation of creative projects of future teachers of artistic work) //Abay atındaǵı QUPW.Xabarşı «Pedagogika ğılımdarı» seriyası. – 2018. - №3 (59). - 153-159 b. [in Kaz]

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ

*Рахметова Н.Б.¹, Бибатыр А.Е.², Манабаева А.Ш.³, Абдурахманова Г.А.⁴

*¹ к.п.н., и.о. профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: nurziya-r@mail.ru

² магистрант, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: prinsessa-alma@mail.ru

³ к.п.н., профессор, Карагандинский государственный университет им. Е. А. Букетова, Караганда, Казахстан, e-mail: manabaeva.a.sh@inbox.ru

⁴ старший преподаватель, магистр педагогических наук, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: galiya.abdurahmanova@mail.ru

Аннотация. В статье развитие творческих способностей будущих специалистов рассматривается как инструмент саморазвития, основное содержание общественной жизни человека и его отношение к логическому мышлению. В процессе совершенствования творческих способностей будущих специалистов текущая реформа высшей школы связана с переходом на обучающую парадигму. Помимо профессионального творчества, в ходе исследования были представлены и творческие вопросы в науке. Предложены пути определения их структуры в процессе совершенствования творчества, психологического типа приобретаемых знаний, вида деятельности, вытекающих из внутреннего плана действий по ее развитию. Здесь можно разрабатывать дискурсивные и интуитивные решения развития научных проблем.

В сфере профессионального образования будущие специалисты имеют возможность творчески охарактеризовать свои идеи и способствовать самореализации в современном обществе через продуктивный труд. В целях повышения уровня творческого потенциала он ввел важный фактор успешной реализации национальных ценностей.

Выявлена основа новой парадигмы общества в целом не только в связи с изменением характера и сущности творческого труда, но и в экономике. Представлена модель процесса творческой самореализации на основе декоративно-прикладного искусства будущего

специалиста. Результаты предложенной модели показали будущим специалистам путь перехода на более высокий уровень самореализации в сфере декоративно-прикладного искусства. Рассмотрено изменение мотивов, способствующих развитию личности, совершенствованию методов труда, формированию ответственного отношения к нему, формированию необходимой творческой трудовой позиции.

Представлены основные направления творчества в декоративно-прикладном искусстве, а также учтено особое значение неповторимого колорита, цвета, направления, стиля, техники исполнения в профессиональном образовании.

В исследовании выявляются возможности использования будущими специалистами эффективных способов развития отдельных творческих компонентов, основанных на национальных ценностях, в процессе обучения. Рассматривая и анализируя исследования отечественных и зарубежных ученых по совершенствованию творческих способностей будущих специалистов, он пришел к выводу о необходимости актуализации содержания профессионального образования, концепции практической направленности в развитии творческих идей, ориентации на национальные ценности, в том числе на декоративно-прикладное искусство.

Ключевые слова: будущий специалист, творчество, профессиональная подготовка, творческое саморазвитие, национальные ценности, декоративно-прикладное искусство, дидактические компоненты, профессиональная деятельность.

IMPROVING THE CREATIVE ABILITIES OF FUTURE SPECIALISTS ON THE BASIS OF NATIONAL VALUES

*Rakhmetova N.B.¹, Bibatyr A.E.², Manabayeva A.S.³, Abdurakhmanova G.A.⁴

*¹c.p.s., acting Professor Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurziya-r@mail.ru

²master student, Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty,
Kazakhstan, e-mail: prinsessa-alma@mail.ru

³c.p.s., assistant professor. Karaganda University named after E. A. Buketova,
Karaganda, Kazakhstan, e-mail: manabaeva.a.sh@inbox.ru

⁴senior teacher, master of pedagogical sciences. Kazakh National Women's
Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: galiya.abdurahmanova@mail.ru

Abstract. In the article, the development of creative abilities of future specialists is considered as a tool for self-development, the main content of a person's social life and his attitude to logical thinking. In the process of improving the creative abilities of future specialists, the current reform of higher education is associated with the transition to a teaching paradigm. In addition to professional creativity, the study also presented creative issues in science. The ways of determining their structure in the process of improving creativity, the psychological type of acquired knowledge, the type of activity arising from the internal action plan for its development are proposed. Here you can develop discursive and intuitive solutions to the development of scientific problems.

In the field of vocational education, future specialists have the opportunity to creatively characterize their ideas and contribute to self-realization in modern society through productive work. In order to increase the level of creative potential, he introduced an important factor in the successful implementation of national values.

The basis of the new paradigm of society as a whole is revealed, not only in connection with the change in the nature and essence of creative work, but also in the economy. A model of the process of creative self-realization based on the arts and crafts of a future specialist is presented. The results of the proposed model showed future specialists the way to move to a higher level of

self-realization in the field of arts and crafts. The change of motives contributing to the development of personality, improvement of labor methods, the formation of a responsible attitude towards it, the formation of the necessary creative labor position are considered.

The main directions of creativity in arts and crafts are presented, as well as the special importance of unique color, color, direction, style, performance technique in vocational education is taken into account.

The study identifies the possibilities for future specialists to use effective ways of developing individual creative components based on national values in the learning process. Considering and analyzing the studies of domestic and foreign scientists on improving the creative abilities of future specialists, he came to the conclusion that it is necessary to update the content of vocational education, the concept of practical orientation in the development of creative ideas, focus on national values, including arts and crafts.

Key words: future specialist, creativity, professional training, creative self-development, national values, arts and crafts, didactic components, professional activity.

Статья поступила 11.04.2022